

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы
Алматы академиясы Ғылыми кеңес мәжілісінің
№ 3 хаттамасы**

Алматы қ.

2025 ж. 26 қараша

Қатысқандар – 24 адам,
оның ішінде Ғылыми кеңестің мүшелері – 22.

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов ат. Алматы академиясының ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының тақырыптар бойынша қорытынды есептерін бекіту.
Ғылыми-зерттеу және редакциялық баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Ж.Ж. Сапаровтың ақпараты.
2. Қазақстан тарихы пәні бойынша Мемлекеттік емтиханның бағдарламасын талқылау және бекіту.
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығы Д.Н. Садуақасованың ақпараты.
3. Кәсіби даярлық факультетінің 1- курс 2025 жылы қабылданған докторанттардың диссертациялық тақырыптарын бекіту туралы.
Кәсіби даярлық факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Ғ.Б. Чукумовтың ақпараты.
4. Кәсіби даярлық факультетінің 2- курс докторанты, полиция капитаны Б.М. Толықбаеваның ғылыми консультантын қайта бекіту туралы.
Кәсіби даярлық факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Ғ.Б. Чукумовтың ақпараты.
5. Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясында профессорлық-оқытушылар құрамының сабақтарға өзара қатысуын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы.
Оқу-әдістемелік орталығының бастығы, полиция полковнигі И.Р. Сағымбаеваның ақпараты.
6. «Особенности составления протокола осмотра места происшествия» атты оқу құралын талқылау туралы.
Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, з.ғ.к., полиция подполковнигі Б.Б.Сарсенбаеваның ақпараты.

Төраға: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Ғылыми кеңес мүшелерінің келу парағына сәйкес мүшелер шамамен толық қатысып отыр. Ғылыми кеңестің отырысын өткізуге кворум бар. Ғылыми кеңестің отырысын бастауға ұсыныс бар. Қарсылық жоқ па?

Кеңес мүшелері: Қарсылық жоқ.

Төраға: Күн тәртібінің бірінші сұрағы - Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының тақырыптар бойынша қорытынды есептерін бекіту. Сөз Ғылыми-зерттеу және

редакциялық баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Ж.Ж. Сапаров беріледі.

Ж.Ж. Сапаров: ІІМ-нің 2021 жылғы 21 маусымдағы №354 бұйрығына сәйкес ІІО жүйесіндегі ғылыми-зерттеу қызметі ІІМ-нің ғылыми-зерттеу қызметінің жоспарына және білім беру ұйымдарының ҒЗЖ жоспарларына негізделеді.

ҒЗЖ жоспарына сәйкес 2025 жылы ҚР М. Есболатов ат. ІІМ Алматы академиясы (бұдан әрі – Академия) 20 ғылыми зерттеу жүргізді, оның ішінде:

- (тапсырыс берушілер: КПД – 1, ЭҚІҚД – 1, ЖҚЖЖД – 1, КҚҚІҚД – 1, ҰҚҚҚД – 1) 5 тақырып;
- Алматы қаласы ПД тапсырмасы бойынша 7 тақырып;
- Алматы облысы ПД тапсырмасы бойынша 1 тақырып;
- Ресей ІІМ Шығыс Сібір институтымен бірлесіп – 1 тақырып;
- бастамашыл – 6 тақырып.

Тапсырыс берушіден қабылдау актісі алынған жоқ:

ҚР ІІМ КПД- ҒЗЖ жоспары 1 тар. (ЖІҚ каф.) А.Г. Шидемов

ҚР ІІМ ЖҚЖЖД. ҒЗЖ жоспары 4 тар.(ҒЗЖРБЖҰБ) Э.М. Насырова

ҚР ІІМ ҰҚҚҚД ҒЗЖ жоспары 4-1 тар (ЖІҚ каф.) А.Г. Шидемов

Алматы қ. ПД ҒЗЖ жоспары 8 тар. (ҚҚЖК каф.) М.К. Сырлыбаев

1.1-бөлігі

ІІО қызметінің іргелі, қолданбалы, өзекті мәселелеріне арналған 14 зерттеу бойынша: 10 қор дәрістері, 127 мақала; 5 дөңгелек үстел, 4 конференция, 9 жинақ (дөңгелек үстелдер мен конференциялар), 11 әдістемелік ұсынымдар, 4 Оқу құралдары, 1 әйелдер қауымдастығы туралы ереже, 2 ақпараттық-анықтамалық материалдар, 4 жадынама дайындалды, 2 форум өткізілді, заңнамаға ұсыныстар – 1, 35 енгізу актісі алынды (15 тәж., 20 оқу үрд.).

Жоспарға қосымша ұсыныстар енгізілді:

1. «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмыс тобына қосу үшін шығ. 1-8-219 / 181 30.01.2025 ж. (ЖІҚ каф.)

2. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының ішкі қызметінің жарғысын бекіту туралы» Ішкі істер министрінің бұйрығының жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін ұсыныстар шығ. 1-8-219 / 201 03.02.2025 ж. (ӨЖАТД каф.)

3. «Құқық қорғау органдары қызметінің сапасын бағалауды жүргізу әдістемесі» бірлескен бұйрығының жобасына ұсыныстар №2191 /18.08.2025 ж. ЖжББ-не жіберілді;

4. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары қызметкерлерін кәсіптік даярлады, қайта даярлады және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асырудың мазмұны мен қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 20 сәуірдегі №422 бұйрықтың жобасына ұсыныстар;

5. ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті АП (№1-5-5-6-78/2492-және 21.05.25 ж) сұрау салуы бойынша «Кәмелетке толмағандар арасындағы криминогендік жағдайды жақсарту бойынша» ұсыныстар;

6. Заңға ұсыныс: жасөспірімдер қылмысының алдын алу саласындағы іс-шаралардың тиімділігін арттыру мәселесі бойынша (Алматы және Жетісу облыстарының жұмыс жоспары 28.08.2025 №1-49-158-2295 ҚҚЖК каф.).

1.2-бөлігі

Оқыту әдістемесін жетілдіру мәселелеріне арналған 6 тақырып бойынша: 67 мақала, 3 әдістемелік ұсынымдар, 4 дөңгелек үстел жинағы, 1 оқу құралы, 1 дәріс курсы, 1 оқу-әдістемелік құрал дайындалды, 4 дөңгелек үстел, 2 семинар-тренинг өткізілді, 5 енгізу актісі алынды (оқу үрд. 5).

Төраға: Кімде қандай сұрақтар мен ұсыныстар болады?

Кеңес мүшелері: Бекітілсін.

Шешім:

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының ғылыми-зерттеу қызметі жоспарының тақырыптар бойынша қорытынды есебі бекітілсін.

Төраға: Күн тәртібінің келесі сұрағы – Қазақстан тарихы пәні бойынша Мемлекеттік емтиханның бағдарламасын талқылау және бекіту. Сөз Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығы Д.Н. Садуақасоваға беріледі.

Д.Н. Садуақасова: «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның бағдарламасы республикалық және локалдық деңгейдегі қазіргі қолданыстағы заңнамаға сәйкес әзірленген.

Бағдарлама жоғары білім берудің білім беру бағдарламасы бойынша төменде көрсетілген мамандықтардың бірінші курс (күндізгі бөлім) курсанттарына мемлекеттік емтиханды өткізудің мазмұны мен тәртібіне қойылатын талаптарды реттейді:

- «6B12301 – Құқық қорғау қызметі»;
- «6B12302 – Ішкі істер органдары қызметін IT–криминалистикалық қамтамасыз ету»;
- «6B12303 – Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл»;
- «6B12304 – Ішкі істер органдарының қызметін ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету».

Жалпы ережелеріне сәйкес мемлекеттік емтиханды өткізудің мақсаты: білім беру деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында қарастырылған оқу пәнінің көлемін курсанттың қаншалықты меңгергенін анықтау. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру келесі бағалау міндеттерін шешуді көздейді:

– Қазақстан тарихы бойынша білімдерін мемлекеттік білім беру стандарттары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес тарихи тұтастығы мен толықтығында анықтау;

– Қазақстан тарихы бойынша терминологияның игерілу деңгейін анықтау;

– тарихи фактілер мен құбылыстарды талдау және жинақтау дағдыларының даму деңгейін анықтау, тарихи оқиғалардың мәні мен себептерін анықтау және олардың маңыздылығына баға беру;

– зерттелген дәуірдегі саяси қайраткерлердің, ғылым мен мәдениеттің көрнекті өкілдерінің іс-әрекетін, оқиғаларды салыстырмалы талдау дағдыларын бағалау.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның бағдарламасы бірнеше тараулардан тұрады. Атап айтсақ:

1. Жалпы ережелер
2. Негізгі ережелер
 - 2.1. Мемлекеттік емтиханды өткізу ережелері
 - 2.2. Мемлекеттік емтиханды өткізу тәртібі мен процедурасы
 - 2.3. Оқу жетістіктерін бағалау критерийлері
3. Бағдарламаның мазмұны
4. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі ережелерде мемлекеттік емтиханды өткізу ережелері мен тәртібі айшықталған.

- Мемлекеттік емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.
- Мемлекеттік емтихан тест түрінде өткізіледі.
- Емтихан барысы бейнебақылау камерасын пайдалана отырып, сондай-ақ, МЕК құрамымен бақыланады.
- Емтихан сұрақтарының саны – 32.
- Емтиханның ұзақтығы – 48 минут.
- Емтихан басталуына 20 минут қалғанда курсанттар емтихан қабылдау ережесіне сәйкес аудиторияда болуы керек.
- Емтихан нәтижелері бақылау камераларын тексеру нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін.
- Курсант компьютердегі техникалық ақауларға байланысты, сондай-ақ дұрыс емес сұрақтар анықталған жағдайда апелляцияға беруге құқылы.
- Курсант емтихан тапсыру ережелерін бұзған жағдайда, оның нәтижесі жойылады.

Емтиханға дайындалуды оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету мақсатында негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі берілген.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның бағдарламасын мақұлдап, бекітуіңізді сұраймын.

Төраға: Кімде қандай сұрақтар мен ұсыныстар болады?

Кеңес мүшелері: Бекітілсін.

Шешім:

Қазақстан тарихы пәні бойынша Мемлекеттік емтиханның бағдарламасы бекітілсін.

Төраға: Күн тәртібінің үшінші сұрағы – Кәсіби даярлық факультетінің 1-курс 2025 жылы қабылданған докторанттардың диссертациялық тақырыптарын бекіту туралы. Сөз Кәсіби даярлық факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Ғ.Б. Чукумовқа беріледі.

Ғ.Б. Чукумов: Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов Алматы академиясы бастығының 2025 жылғы 18 тамыздағы № 269 бұйрығымен Кәсіби даярлық факультетінің докторантурасына 4 докторант қабылданды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген философия докторы (PhD) дәрежесін алуға докторанттарға ғылыми басшылықты кемінде 2 адам санында консультанттар жүзеге асырады, МЖМБС 2-тарауының 79-тармағының, 2-тармағының талаптарына сәйкес Кәсіби даярлық факультетінің 1 курс

докторанттарына (2025 ж. қабылдау) Академия бастығының бұйрығымен ағымдағы жылдың қазан айында Ғылыми консультанттар бекітілді.

Ғылыми консультанттар докторлық диссертацияның орындалуын және академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын және диссертациялық жұмысты қорғауға уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 20.07.2022 жылғы № 2 бұйрығының 80-тармағына сәйкес докторлық диссертацияның тақырыбы бірінші семестр ішінде айқындалады. Докторант бірінші оқу жылында диссертация тақырыбына өзгерістер енгізуге құқылы.

Докторлық диссертация-докторанттың ғылыми жұмысы-бұл дербес зерттеу, онда теориялық ережелер әзірленген, олардың жиынтығы жаңа ғылыми жетістік ретінде жіктелуі мүмкін немесе ғылыми проблема шешілген немесе ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер көрсетіледі (2-тар., 10-тар.).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығының талабы 31.2. «8D12-Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс» саласының кадрларды даярлау бағыттары үшін – соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланымдар тізіміне енгізілген басылымдарда жарияланған, оқыту бейініне сай келетін кемінде 7 (жеті) ғылыми мақаланың және оқулық немесе оқу құралының авторы болып табылатын, кадрларды даярлау бағытының бейіні бойынша соңғы 10 (он) жылдың кемінде 3 (үш) жылы ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, ғылыми дәрежесі және (немесе) (PhD) философия докторы /бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі бар оқытушының ғылыми жетекшілікті жүзеге асыра алады.

Диссертациялық зерттеулердің ұсынылған тақырыптары құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қылмысқа қарсы іс-қимыл мәселелеріне бағытталған. Докторлық диссертацияларды зерттеу тақырыптары қылмысқа қарсы іс-қимыл, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық қорғау органдарының қызметін цифрландыру, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы өзекті бағыттарды ескере отырып қорытылды.

Зерттеу тақырыптары кафедралардың отырыстарында және Академияның Ғылыми-әдістемелік кеңесінің отырыстарында мақұлданды және ұсынылды.

Диссертациялар тақырыбына сәйкес 1-курс докторанттары ағымдағы жылдың қазан айында Академияның бейіндік бөлімшелеріне (КДФ кафедраларына) бөлінді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Кәсіби даярлық факультетінің 1 курс докторанттарына докторлық диссертациялық зерттеу тақырыптарын бекітуді сұраймын.

Төраға: Кімде қандай сұрақтар мен ұсыныстар болады?

Кеңес мүшелері: Бекітілсін.

Шешім:

Кәсіби даярлық факультетінің 1- курс 2025 жылы қабылданған докторанттардың диссертациялық тақырыптарын бекітілсін:

№	А.Ә.Т., арнаулы атақтары	Диссертация тақырыбы
1	полиция аға лейтенанты Бексұлтан Бақытұлы Тілеулесов	ПО қызметкерлерінің қылмыстық зорлық-зомбылықпен күресу мәселелері: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық зерттеу
2	полиция подполковнигі Женис Кантаевич Жансеркенов	Противодействие незаконному изъятию органов и тканей человека в условиях цифровизации: проблемы теории и практики
3	полиция полковнигі Айдос Ерболатович Кулжанов	Ішкі істер органдарының жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметін цифрландыру жағдайында әкімшілік-құқықтық реттеу: теория, тәжірибе, жетілдіру жолдары
4	полиция подполковнигі Айдана Махамбетжанқызы Айтбаева	Қазақстан Республикасындағы азаматтық және қызметтік қару айналымын мемлекеттік бақылаудың әкімшілік-құқықтық тетігі

Төраға: Күн тәртібінің келесі сұрағы Кәсіби даярлық факультетінің 2- курс докторанты, полиция капитаны Б.М. Толықбаеваның ғылыми консультантын қайта бекіту туралы. Сөз Кәсіби даярлық факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Ғ.Б. Чукумовқа беріледі.

Ғ.Б. Чукумов: Алматы академиясындағы Жедел-іздістіру қызметі кафедрасының профессоры з.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), И.А. Шалкарова басқа қызметке ауысуына байланысты ғылыми консультанттарын жүзеге асырудың мүмкін еместігін ескере отырып докторанттан түскен баянат негізінде ғылыми консультанты құрамына өзгерістер еңгізу қажеттілігі туындап отыр.

Жоғарыда айтылғанның негізінде ұсынылады:

Кәсіби даярлық факультетінің 2 курс докторанты, полиция капитаны Ботағоз Маратқызы Толықбаеваға ғылыми консультанты ретінде Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы бастығының орынбасары з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі Е.М. Бимолдановты тағайындауға.

Докторлық диссертация тақырыбы «Теоретические аспекты оперативно-розыскного обеспечения предупреждения киберпреступности» және бекітілген бөлініс - Жедел-іздістіру қызметі кафедрасы өзгеріссіз қалады.

Баяндалғанды ескере отырып, докторанттың ғылыми консультантына өзгерістерді бекітуді сұраймын.

Төраға: Кімде қандай сұрақтар мен ұсыныстар болады?

Кеңес мүшелері: Бекітілсін.

Шешім:

1. Кәсіби даярлық факультетінің 2- курс докторанты, полиция капитаны Б.М. Толықбаеваның ғылыми консультанты ретінде Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы бастығының орынбасары з.ғ.к., профессор, полиция полковнигі Е.М. Бимолданов тағайындалсын.

2. Докторлық диссертация тақырыбы «Теоретические аспекты оперативно-розыскного обеспечения предупреждения киберпреступности» және бекітілген бөлініс - Жедел-ізвестіру қызметі кафедрасы өзгеріссіз қалдырылсын.

Төраға: Күн тәртібінің келесі сұрағы Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясында профессорлық-оқытушылар құрамының сабақтарға өзара қатысуын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы. Сөз Оқу-әдістемелік орталығының бастығы, полиция полковнигі И.Р. Сағымбаеваға беріледі.

И.Р. Сағымбаева: Академиялық сапаны қамтамасыз ету саясатын іске асыру және кафедралардың профессорлық-оқытушылар құрамының жұмысында пайдалану мақсатында Оқу-әдістемелік орталығының ұжымы ҚР ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының профессорлық-оқытушылар құрамының өзара сабаққа қатысуын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) әзірледі.

Аталған Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің әскери, арнаулы оқу орындарының оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясы бастығының 2022 жылғы 25 тамыздағы №298 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының академиялық саясатына сәйкес дайындалды.

Әдістемелік ұсынымдар профессорлық-оқытушылар құрамының өзара сабаққа қатысуын жүйелі түрде ұйымдастырып, жүзеге асыруға бағытталған және келесі бес негізгі тараудан тұрады:

1. Жалпы ережелер. Аталған тарауда Әдістемелік ұсынымдардың құқықтық негізі, мақсаты мен қолданылу аясы, терминдер мен анықтамалар беріледі.

2. Сабақтарға өзара қатысудың мақсаты мен міндеттері. Өзара сабаққа қатысудың негізгі мақсаттарын, сонымен қатар, өзара сабаққа қатысудан күтілетін нәтижелер мен міндеттерді айқындайды.

3. Сабақтарға өзара қатысуды ұйымдастыру және өткізу тәртібінде сабаққа қатысудың мерзімділігі, реттілігі, бақылау нысандары мен құжаттық рәсімдеу тәртібі түсіндіріледі. Қатысу жоспары, сабаққа талдау жасау және қорытынды беру рәсімдері айқындалады.

4. Қатысушының құқықтары мен міндеттері. Қатысушы оқытушының (бақылаушы) құқығы мен міндеттерін айқындайды.

5. Сабақ берушінің құқықтары мен міндеттері. Сабақ өткізетін оқытушының құқықтары мен міндеттері айқындалады.

Баяндалғанның негізінде және қызметтік қажеттілігін ескере отырып, аталған Әдістемелік ұсынымдарды Ғылыми кеңесте мақұлдап, бекіту ұсынылады.

Төраға: Кімде қандай сұрақтар мен ұсыныстар болады?

Кеңес мүшелері: Бекітілсін.

Шешім:

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясында профессорлық-оқытушылар құрамының сабақтарға өзара қатысуын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекітілсін.

Төраға: Күн тәртібінің келесі сұрағы «Особенности составления протокола осмотра места происшествия» атты оқу құралын талқылау туралы. Сөз Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, з.ғ.к., полиция подполковнигі Б.Б.Сарсенбаеваға беріледі.

Б.Б.Сарсенбаева: «Особенности составления протокола осмотра места происшествия» оқу құралын Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, з.ғ. к., полиция подполковнигі Б. Б. Сарсенбаева дайындады.

Оқу құралы қылмыстарды ашу мен тергеуде оқиға болған жерді тексерудің маңыздылығын көрсетеді. Тергеу әрекетінің хаттамасында ақпараттың толық көрсетілуін қамтамасыз ететін іс жүргізу және криминалистикалық сипаттағы ұсыныстар баяндалған. Қылмыстардың ең таралған түрлерінің оқиға орнын тексеру хаттамаларының үлгілері келтірілген.

Оқу құралы ІІМ арнаулы оқу орындарының білім алушыларына, магистранттарға, докторанттарға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына және Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының практикалық қызметкерлеріне арналған.

Төраға: Кімде қандай сұрақтар мен ұсыныстар болады?

Кеңес мүшелері: Қолдаймыз.

Шешім:


Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясының қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, з.ғ.к., полиция подполковнигі Б.Б.Сарсенбаева дайындаған «Особенности составления протокола осмотра места происшествия» атты оқу құралы ашық баспадан шығаруға ұсынылсын.

**Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы
Алматы академиясы Ғылыми кеңесінің төрағасы
философия докторы (PhD)
қауымдастырылған профессор (доцент)
полиция полковнигі**



К. Кобландин

**Қазақстан Республикасы ІІМ М. Есболатов атындағы
Алматы академиясы Ғылыми кеңесінің
ғалым хатшысы, философия докторы (PhD)
полиция полковнигі**



А. Абдихаликов